

сегодняшних реалиях. Ведь помимо бумажных носителей информации и её учёта, как альтернатива пришли такие технологии, как электронные системы для регистрации и передачи наследственных прав на имущество, всевозможные базы данных по наследственным делам, разработки приложений для управления и отслеживания, происходящих наследственных процессов. Все это минимизирует затраты и сокращает время на оформление наследства, повышает эффективность работы нотариусов и помогает гражданам сделать процесс наследования более доступным и понятным.

Список литературы:

- 1 Конституция Республики Казахстан. Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года (в действующей редакции) // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
- 2 Хамицаева Ю.А. Наследственное право. Краткий курс лекций. – Москва: СТАТУТ, 2011. – 158 с.
- 3 Закон Республики Казахстан от 14 июля 1997 года № 155-І «О нотариате» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023 г.) // https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000155_
- 4 Попова О.П. Наследственное право: учеб. пособие. – Хабаровск: Тихоокеан, 2012. – 321 с.
- 5 «Об утверждении Правил по нотариальному делопроизводству» утвержден приказом Министра юстиции Республики Казахстан от 31 января 2012 года № 32 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007445>
- 6 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 1 июля 1999 года № 409-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2024 г.) // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_
- 7 Казанцева А.Е. Охрана наследственного имущества // Вестник Омского университета. – Серия Право. – 2014. – №4. – С.88-96.
- 8 Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Гражданское право РК: учеб. – Алматы: Лем, 2013. – 776 с.
- 9 Методические рекомендации по назначению доверительного управляющего наследством. – Республиканская нотариальная палата, – Астана, 20.04.2018.
- 10 Диденко А.Г. Гражданское законодательство. Выпуск 42. Статьи, комментарии, практика. – Алматы: Нур-Пресс, 2013. – 366 с.
- 11 Гражданский кодекс Российской Федерации (Часть третья) от 26.11.2001 г. N 146-ФЗ // https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34154/
- 12 Корнеева И.Л. Наследственное право Российской Федерации 3-е издание: Учеб. и практикум для бакалавр. и магистр. – Москва: Юрайт, 2015. – 204 с.
- 13 Новгуманова Г.С. Сравнительно-правовой анализ нотариальной деятельности в Российской Федерации и Республике Казахстан. - Конспект лекций / Учеб. пособие. – Костанай: ФГБОУ ВПО ЧелГУ, 2015. – 236 с.

ИНТЕРНЕТТІ ҚОЛДАНУДАҒЫ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ: САТУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ

Амантай А., Астана халықаралық университетінің докторанты, Астана қ., Қазақстан

Бүгінгі таңдағы интернеттің қарқынды дамуына байланысты онлайн сатып алу сату, жасанды интеллектіні пайдалуға қатысты тұтынушылар құқығының өзекті мәселесіне тоқталып өтейік. Интернет пен онлайн қарым-қатынастардың дамуы әлемдік және отандық құқықтық қатынастарда біршама кемшіліктерді, олқылықтарды тудыруда. Өйткені, интернеттің даму қарқынымен тез жүзеге асуы жаңа әлеуметтік орта ретінде материалдық құқықтық реттеуді және қорғауды жетілдіруді талап ететін бірқатар проблемаларды көтерді.

Мұндай проблемаларды шешу үшін бірақатар жаңа тәсілдер құру керек болады, оның қатарына елдің заңнамасына арнайы осы салаға қатысты жаңа ережелер мен қағидаларды енгізу, интернеттің шұғыл дамуының келеңсіз жағдайларына халықаралық-құқықтық бұғау салу және т.б. келелі мәселелерді шешу басты орында болды.

Еліміздің электрондық коммерция нарығының көлемі біршама қатынастарда бөлшек сауда айналымының біраз пайызын құрайды, бірақ ол қарқын жылдам өсуде. Бұл нарықтың даму перспективалары негізінен соңғы тұтынушылардың жаңа формаларға деген сенімін арттыруға сауда нысандардың өркениет дәрежесі байланысты болып отыр. Ең маңызды істердің бірі өркениетті бөлшек сауда форматтарын дамыту, әсіресе интернет-коммерцияның сегменті оны пайдалану мәселесіне қатысты арнайы жүйе бар. Оларды пайдалану бәсекелестік жағдайында нарыққа қатысушылар айтарлықтай экономикалық пайда алуға мүмкіндік береді. Оның неізгі мәні бәсекелестік күресте төменірек бағаға тауарларды жеткізу болып табылады.

Әрине, тауар сату, сатып алу қатынастары тұтынушылар мен кәсіпкерлер арасында жүзеге асатын болғандықтан және интернет арқылы сауда жасағанда құқықтар мен міндеттердің бұзылмауы маңызды болып отыр.

Осыдан біраз жыл бұрын электронды төлемдердің қауіпсіздігі мәселесі жоғары мамандандырылған және қарапайым азаматтарды ерекше алаңдатпады. Бүгінгі күні Интернеттегі сатып алулар пластикалық карталар арқылы төленетін болса, бұл өзекті болып табылады. Бұл мәселе әсіресе интернет-дүкен иелері үшін өзекті, себебі интернет дүкен иесі өз бизнесін кибералақтардан қорғауға алаңдайды.

Желідегі алаяқтық жылдам түрде өсуде және қарапайым сатып алушы Интернеттегі бір жерде карта мәліметтерін «жариялаудан» қорқады, әсіресе бұл ол үшін жаңа ресурс болса. Әрине, тұтастай алғанда бүкіл интернет-бизнесінің дамуына жағымсыз әсер етеді. Хакерлер банк карталарынан ақша ұрлаудың жаңа тәсілдерін ойлап табады. Яндекс статистикасы көрсеткендей, 80 000-нан астам сайттар құпия ақпаратты жинайтын және тасымалдайтын құрбандарға тыңшылық жасайтын зиянды шолғыш кеңейтімдерін орнатуды ұсынады. Yandex.Browser-ді қауіпті кеңейтімдерден қорғау жүйесі күніне шамамен 10 000 рет жұмыс істейді. Интернет-дүкен немесе оның серіктесі сертификатталған өнімдермен төлемдерін қорғамаған жағдайда, сатып алушының картасының жеке деректері, сондай-ақ оның ақшасы ұрлануы мүмкін. Бүгінгі күні онлайн төлемдердің типтік проблемалары: транзакция кезінде қаражатты ұстап алу; Фишинг (пайдаланушы атын немесе парольді ұрлау); Скимминг (банкоматта «оқу» арқылы банк картасының деректерін ұрлау). Алаяқтардың әрекеті тұтынушыға, жеке интернет-дүкеннің беделіне де, жалпы салаға да көлеңке түсіреді [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында көрсетілген адамның құқықтары мен бостандықтарын отбасын, әлеуметтік жағдайын, мүліктік жағдайын, жынысын, нәсілін, ұлтын, тілін, дінін және басқа да факторларды ескере отырып қамтамасыз етеді. Ол кез келген адамды кемсітуге жол берілмейтінін бекітіп, заң мен сот алдындағы теңдікке баса назар аударады. Құқықтық мемлекет заңды мемлекет пен өркениетті қоғамдағы азаматтардың қарапайым өмірінің негізі ретінде қызмет етеді. Заңдылық заң алдында шынайы теңдікке кепілдік беретін қоғамда ғана болуы мүмкін. Бұған қол жеткізу үшін барлық азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиімді жағдайларды орнату және нарықтық экономика жағдайында тауар өндіруде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет. Бұл құқық үстемдігінің негізгі мақсаты болып табылады.

Тұтынушылардың құқықтары бүгінде әлеуметтік-құқықтық шеңберде өзінің беделді орнын нақты шаралар арқылы емес, прогрессивті қауымдастықтардың тұтынушылар мен сатып алу құқықтарын қорғаудың негізі ретінде ғасырлар арқылы қалыптасты. Бұдан кейін нарықтық реформалар мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдарды іске асыру, сонымен қатар тұтынушыларды қорғау жөніндегі бастапқы ұйымдарды құру басталды. Қазіргі уақытта күшті құқықтық және сот жүйесі бар дамыған елдерде аса сақтық пен теңгерімді көзқарас басымдыққа ие болуда.

Негізгі мәселе бірнеше негізгі принциптерде жатыр:

Біріншіден, интернет қатынастарын реттеудің жаңа құқықтық принциптерін ойлап табудың қажеті жоқ. Керісінше, бұл қатынастарды заңнама аясында нақты ұғымдарды түсіндіруге сәйкес қарастыра отырып, қолданыстағы құқықтық базаларға біріктіру қажет. Нақты уақыттағы экономиканың, электрондық коммерцияның, электронды төлемдердің және басқа да цифрлық аспектілердің эволюциясы қолданыстағы заңдарға түзетулер енгізуге түрткі болатын әртүрлі құқықтық тұжырымдамаларды әзірлеуді қажет етті. Демек, электронды мәмілелердің қиындықтарын шешу азаматтық заңнаманың, домендік атаулардың ережелері мен интернет дауларына қатысты процессуалдық заңдардың аясында тиісті заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Екіншіден, бірлескен реттеу интернет қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіру үдерісінің іргетасы болып саналады.

Бұл тұжырымдама интернет операциялары мен қол жеткізуге (әсіресе провайдерлерге), сондай-ақ пайдаланушыларға инвестиция салатын жеке капитал өкілдерімен бекітілген заңнамалық қадағалау мен өзін-өзі басқарудың бірігуін білдіреді. Бұл адамдар өздерінің әрекеттері арқылы цифрлық салада кейіннен құқықтық негіздермен бекітілген нақты мінез-құлық кодекстерін (әдет-ғұрыптар мен әдеттер) белгілейді. Өзін-өзі басқару үкіметтік реттеуге қарағанда жақсырақ, өйткені интернет еркіндігін сақтау үшін үкіметтің араласуы минималды болуы керек деп есептеледі, бұл осы ерекше өзара әрекеттесулердің одан әрі дамуының маңызды және практикалық алғышарты. Тәжірибеде өзін-өзі басқару принципі көбінесе көптеген елдерде мамандандырылған интернет және контентті реттеу заңдарының болмауына байланысты туындайды, нәтижесінде интернет істеріне жалпы заңнама қолданылады.

Үшіншіден, интернет қатынастарын құқықтық реттеу «Festina lente» принципіне негізделген. Дамыған елдердің заң шығарушылары қолданыстағы заңнаманы қажетті жетілдіруді минимумға дейін сақтау керектігін және асықпауды жөн санайды. Өзін-өзі реттеу процесінің нәтижелерін көрсету үшін уақыт қажет дейді. Екінші жағынан, сот прецеденттері виртуалды кеңістікті құқықтық реттеуді дамытудың қайнар көзі бола алады. Барлық құқықтық жүйелер оларды құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырмайды. Дегенмен, олар құқық көздерінің күшімен қамтамасыз етілмеген жүйелерде де олардың рөлі өте үлкен және интернет қатынастарына қатысты белгілі бір қолданыстағы нормаларды түсіндіруден, сондай-ақ пайда болған әдет-ғұрыптардың мазмұнын анықтаудан тұрады.

Интернетті құқықтық реттеудің қажеттілігі мен әдістемесіне қатысты талқылаулар оның «халықаралық» сипатын жиі атап өтеді, бұл халықаралық құқықта жан-жақты өкілдік етуді қажет етеді. Мысалы, бір елдегі веб-сайтты жабу әрекеті, ең алдымен, сол сайттың мазмұны келесі күні басқа елде орналасқан серверде орналастырылуына әкелуі мүмкін. Демек, интернетті тиімді құқықтық басқаруға мемлекеттердің көпшілігі біріге алуы неғайбыл, бірақ, бірнеше ел күш-жігерін біріктірген жағдайда ғана қол жеткізуге болатыны туралы консенсус бар.

Енді сөзімізді сабақтай келе осы интернет сауда саттықта қатынасқа түсетін кәсіпкер мен тұтынушы деген кім деген сұрақ туатыны сөзсіз. Өйткені заң шеңберінде реттеу үшін, реттелетін субъектіні анықтап адлу маңызды болмақ. Тұтынушы деген – өз қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына тауарларды сатып алуға немесе оған тапсырыс беруге тікелей немесе жанама ниеттенетін, сондай-ақ, сатып алатын немесе пайдасына жарататын жеке және заңды тұлға – деп біздің заңнамада нақты анықтама берілген және бұл белгі халықаралық актілерде де дәл осындай түсігі бар. Ал, кәсіпкер туралы нақты анықтама жоқ болсада, оны кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде көрсете отырып, азаматтық және кәсіпкерлік кодексте атап өткен.

Сапасыз тауарды сатып алсаңыз, онда «Тұтынушылардың құқытарын қорғау туралы» Заңына сәйкес сатып алынған қажетті қасиеттері жоқ, оның қажеттіліктерді қанағаттандырмайтын тауарды айырбастауға құқылысыз. Айырбастаудың міндетті шарты – сатушымен сатып алушыға сатылған тауармен берілген тауар түрін, тұтынушылық қасиеттерін, пломбаларын, тауарлық немесе кассалық чегін, я болмаса басқа құжаттарды сақтау. Егер тауар айырбастау сәтіне жоқ боп тұрса, Сіз дүкенде бар соммасын қайта

есептегенде сай басқа затқа айырбастауыңызға болады немесе тауар құнына сәйкес ақшаңызды қайтарып алуыңыз мүмкін. Ескеретін жайт, сатып алу жасалынған сәттен 14 күн ішінде тауарды қайтара аласыз. («Тұтынушылардың құқытарын қорғау туралы» Заңының 10 бабы) [3]. Демек, бұл бап бойынша тауарды сатып алуған айырбастаудың оффлайн түрі сипатталған, осы бапқа онлайн түрінде қоса кеткен жөн шығар.

Демократиялық қоғамды дамытудағы басты мақсаттардың бірі – тауарлар мен қызметтер нарығында кәсіпкерлер мен тұтынушылар арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Демек, мемлекет олардың негізгі қорғаушыларының бірі болып табылатын жеке бизнестің құқықтарын қорғаушылар пайда болуда. Кәсіпкерлік прогреске ықтимал кедергілерге қарамастан, кәсіпкерлердің де, тұтынушылардың да құқықтарын қорғауды назардан тыс қалдырмау қажет. Тұтынушылар, өз кезегінде, өнім сапасы мен бағасын шынайы, бейтарап бағалауды қамтамасыз ететін білімді сарапшылар ретінде қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді. Күнделікті жұмыс барысында біз қарапайым тұтынушылардың құқықтарын бұзатын жағдайларды жиі кездестіреміз. Сатып алған сүтіңіз кешке бұзылып кетсе сатушы оны ауыстырмай қойса, нанның салмағы қалыпты ауырлықтан ал болса немесе ақылы тасымалдауға билет алғанда, орнына чек берілмесе, мұндай жағдайлар тұтынушылардың және кейде кәсіпкерлердің құқықтарын, әсіресе онлайн сауда қатынастарында араласуға тура келеді.

Мәселен, менің тәжірибемде, бір кәсіпкер онлайн сауда арқылы өзі тұрмайтын басқа қалаға немесе басқа елдің азаматына тауарын сатып, тұтынушы оны қабылдап, бірақ кейін тауардың жарамсыз екенін айтып, тұтынушы тауарды қайтарып жібереді, ал тауар қайтарылған соң, кәсіпкер оны қораптан ашып алса басқа тауар салып жіберген жайыттар аз емес. Осы сияқты мәселелер реттеуді және тың зерттеуді қажет ететіні анық. Заңмен реттелетін қатынастардың өзі қажеттіліктен туындап, ол қажеттілік, халықтың күнделікті қоданысына еніп, одан дау туындаған соң заңға өзгеріс енгізіліп немесе жаңа заң қабылдануы содан.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен Интернет арқылы жүзеге асырылатын қашықтықтан сауданың үшінші түрі пайда болды - бұл экономикаға айтарлықтай әсер ететін электрондық коммерция.

Шетелдік зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, бұл концепция телекоммуникациялық желілерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын экономикалық қызметті қамтуы керек.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының заңнамасында интернетпен қашықтықтан сауда жасаудың арнайы анықтамасы жоқ.

Жоғарыда аталған жазбаларға сүйене отырып, интернетке негізделген қашықтықтан сату, сатып алу бөлшек сауданың түрі болып табылады, мұнда сатып алушы каталогтар, брошюралар, телекоммуникация желілері, пошта қызметтері, теледидар сияқты әртүрлі құралдар арқылы сатушы ұсынатын өнімнің суреті мен сипаттамасына ғана сүйенеді немесе сатып алушының тікелей тексеру мүмкіндігін жоққа шығаратын басқа да ақпараттық технологияларды пайдаланады.

Демек, бұл сату тәсілінің артықшылықтарына үйден тауарларды сатып алудың ыңғайлылығы, тегін жеткізу қызметтері және оффлайн дүкендермен салыстырғанда айтарлықтай төмен шығындар кіреді. Дегенмен, оның кемшіліктері өнімдерді ақауларға физикалық тексерудің мүмкін еместігінде, өлшемі, түсі бойынша жарамдылығын және т.б. болып табылады. Тұтынушылар өнімді тек фотосуреттер немесе бейнелер арқылы қабылдайтынын ескерсек, қауіпсіздікке сәйкес келмейтін заттарды сатып алу қаупі артады және сапа стандарттары, тіпті негізгі конституциялық құқықтарды бұзуы мүмкін.

Осы жерден мынаны айта кетсек, Ресей Федерациясында қашықтықтан сату түсінігі Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде бекітілген екен. Ал, отандық заңнамада әліде бекітілмеген. Сондықтан сөзімізді аяқтай келе әілде болсын бұл тақырыптағы өзекті мәселелерді зерттеп, талдап, салыстырып, заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізген абзал, тіпті жаңа заң нормасын қабылдасада артық емес шығар.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://core.ac.uk/download/pdf/162466721.pdf>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (17.09.2022 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) <https://adilet.zan.kz/kaz>
3. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы №274-IV Заңы. (19.04.2023 № 223-VII берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <https://adilet.zan.kz/kaz>

АПЕЛЛЯЦИЯ ҚАЗІРГІ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ИНСТИТУТЫ РЕТІНДЕ

Аяпбергенова А.Т., Заң факультетінің 2-курс магистранті, Қарағанды Бөкетов университеті

Сот актілеріне шағымдану – азаматтық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдардың құқықтарын қорғаудың нақты кепілі болып табылады, ол заңсыз және негізсіз сот актілерінің күшін жоюға немесе өзгертуге қол жеткізудің қарапайым және қолжетімді тәсілін ұсынады. Бүгінде республикада мұндай қызметті жүзеге асырудың жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін көп нәрсе жасалуда, соның салдарынан бірінші сатыдағы соттардың актілері негізді болып табылады және заңда белгіленген мерзімде күшіне енеді. Алайда, бірінші сатыдағы соттың жұмысындағы азды-көпті елеулі қателіктерді толығымен жою мүмкін емес, сондықтан сот ісін жүргізудің қолданыстағы тәртібі сот қателіктерін жоймай жасай алмайды. Осындай тәсілдердің бірі сот актілерін апелляциялық және кассациялық тәртіппен қайта қарау бойынша іс жүргізу болып табылады.

Апелляциялық сатыда заңдылық, тараптардың жарыспалылығы, бәсекелестік және басқа да қағидалары бірінші сатыдағы іс жүргізуге қарағанда аз көлемде жұмыс істейтіні байқалады.

Дегенмен де, азаматтық іс жүргізу қағидаларының қолданыстағы азаматтық процесстік заңнамада қамтылуына және жүзеге асуына мән берген жөн. АПК-нің 412-бабында азаматтық істерді апелляциялық қарау пәні мен процедурасын анықтайтын өте маңызды және қағидалы бастамалар бар. АПК-нің 412-бабының мазмұнынан апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың нақты мән-жайларды белгілеуінің, материалдық құқықтың қолданылуы мен түсіндірілуінің дұрыстығын, сондай-ақ істі қарау кезінде азаматтық іс жүргізу заңының нормаларының сақталуын тексереді. Бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша апелляциялық сатыдағы сотта азаматтық істерді шешу мүмкіндігі туралы ұстаным толық көлемде қате болып көрінеді, өйткені бұл 412-бапта айқындалған апелляциялық қарау нысанасынан тыс болады. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сотты алмастыра отырып, жаңа сот шешімінің заңдылығы мен негізділігі, соттың іс материалдары негізінде материалдық және процесстік құқық нормаларын сақтауы тексеріледі. Тіпті жаңа дәлелдемелерді ұсынуға заңда қарастырылған ерекше тәртіпте рұқсат етіледі. Мұндай тәсіл азаматтық процесте тиімді бәсекелестікті қамтамасыз етуге, процестік үнемдеуге және сот ісін ұтымды түрде жүзеге асыруға бағытталған, бұл Еуропа Кеңесі Министрлер комитетінің 1995 жылғы 7 ақпандағы № R (95)5 азаматтық және сауда істері бойынша ұсынымының 4, 5-баптарының жүйеге және шағымдану рәсімдерінің қолданысқа енгізілуіне және жұмыс істеуін жақсартуға қатысты ережелеріне толық сәйкес келеді. [1, 670 б.]

2023 жылғы 1 шілдеден бастап апелляциялық сатыдағы сот істі бірінші сатыға қайтармай, мәні бойынша шешім қабылдайтын Қылмыстық-процестік және Азаматтық процестік кодекстерінің жаңартылған ережелері қолданысқа енгізілді. Мұндай жағдайларда қарау бірінші сатыдағы соттың ережелері бойынша жүзеге асырылады, деп хабарлайды ҚР Әділет министрлігі. Сот осылайша сот талқылауының толықтығын, жан-жақтылығын және